

3 Мир Абая / Сост. и ред.: М. Маданова, А.К. Машакова. – Алматы, 2004. — С. 10.

4 Қара Сөз. Книга Слов / Пер. с каз. К.Серикбаевой, Ю.Кузнецовой. — Семей, 2001.

5 niksy.net>stati/duhovnii_rost...samyih...tsitat...omara

АБАЙ — ҚАЗАҚТЫҢ ҒАНА ЕМЕС, АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ

Хабай Б.

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.

Абай — қазақтың ғана емес, адамзаттың Абайы. Абайды әлемдік деңгейде насихеттау үшін алдымен қазақ өз арамызда құрметтеп, оны жан жақты зерделеп, санамызға сіңіруіміз керек.

Абай – өте күрделі тұлға. Абайдың білім мен адами құндылыққа деген сенімі демократияны ұстануына негіз болды. Абайдың кез келген құнды мұрасынан біз осы күнге дейін өз деңгейінде пайдаланып жадымызға ту ете алмай келемізбе деп қорқамын. Себебі бүгінгінің адамдары Абайды емес «Айфонды» жақсы көреді. Сондықтан біз алдымен абайтану ілімін тіпті бастауыш сыныптан бастап мектеп бағдарламасына енгізе бастауымыз керек.

Өзін-өзі басқаратын көзі ашық адамдар қоғамы оның саяси идеалына айналуы керек. Сонда барып біз Абайды заман деңгейінде түсіне бастаймыз деп білемін. Мысалы хакім Абайдың **«Адам өмірінің мақсаты – кемелдену мен жетілу»**, - дейді. Ол «мен осы кіммін? Жан иелері өмірінің түпкі мәні неде? Барлық адам баласы, жан-жануарлар да тамақтанады, ұйықтайды, қорғанады, артына ұрпақ қалдырады. Сонда адам баласының басқа жан иелерінен айырмашылығы неде?», - деген ұлы ойларды өзінің ғана емес барша адамзаттың алдына қойып отыр. Міне біз кейде осыны түсінбеймізде. Абай өз заманының ойшылы, ол өз заманында бұқара халықтың кейбір тобынан зардап шекті. Тіпті басына таяқ та тиді, деп сол заманды кінәлауға көшеміз. Және осыдан кейін бізде Абай өткен заманның, өткен ғасырлардың адамы деген тұжырым қалыптасады. Біз осыдан құтылуымыз керек.

Ол өзінің пәлсапалық шығармаларында адам баласының өмір сүру мақсатын, сол мұратына жету жолын, әлемдегі болмыстың мәні мен өзіндік ішкі байланысын, жалпы заңдылықтарын ашып көрсетеді. Осы себепті ол әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресіп, ұлтаралық өзара түсіністікті жақтады. Даулы мәселелерді шешуде зорлық-зомбылықты қолдануға қарсы болып, өзінің «Ескендір» секілді поэмаларында билеушілердің тойымсыз аранынан, өктемдік пен ғасыр бойындағы көптеген адами шиеленістерден жиіркенетінін білдірген болатын.

Еуропада Гете, орыста Пушкин, Қазақта Абай бар, бұлар таза ұлттық даналар. Мысала әлем бүгінде Гете десе құлағы елең ете қалады. Пушкин десек түйдек түйдек өлең шумақтары мен философиялық ойлар санамызға орала бастайды. Абай десек ше? Абай деген кезде неге бізде Гете мен Пушкин секелді құлағымыз елең ете қалмайды?

Осы жерде мен өз көзіммен көрген жағыдайытты айтып кеткім келіп отыр. Осыдан бірнеше жыл бұрын (Астанада) Нұр-Сұлтан ашылған Абайдың еңгезердей алып мүсінінің жанынан өтіп бара жаттым. Баласын жетектеген жігіт ағасы орысшалап «кешіріңіз бізді фотоға түсіріп жібересізбе?» дегеннен кейін сәл кідіріп оларды фотоға түсірдім де баладан «Бұл кімнің ескерткіші екенін білесіңбе?» деп сұрадым. Ойымда бөтен ештеңе болған жоқ. Б

Бала ойындағыны айтадығой «Білмеймін» дептеріс айналды. Ал, әлгі жігіт ағасына бұрылғанымда ол «АБАЙ» деп қысқа қайырды. Абай ол кім? Деген сұрағыма иығын қиқаң еткізді де жөніне кетті. Осы сәттен кейін өзім ұзақ ойға қалдым. Біз Абайды танып-біліп алмайынша өзгені әлгі Пушкинді, Гетені, тіпті ағылшын тілін де шетке ысыра тұруымыз керек. Себебі біздің руханиятымыздың қайнар көзі осы Абай. Ал біз Абайды жоғалтып алсақ барлығын да жоғалтамыз. Абай алдымен Қазаққа ғана керек. Абайды осылайше ескерткіші алдында фотоға түсетін мүсін ретінде ғана қабылдап жүре берсек онда келешек бұлыңғыр болмақ.

Абай – дана, ал даналардың құпиясы ешқашан да толығымен - ашылмайды, дүниеде ұлт даналары өте сирек сол сиректің арасынан Абай есімінің көрінуі қазақтың бағы деп түсінген абзал.

Қазақтың жанын түсінген Абайдың жан дерті Абайды түсінген әрбір қазақтың жан дерті. Сонымен қатар Абайдың өлеңдері мен ғақлиясы сол жан дертінің дауасы. Біз Абайға қарап ойымызды, көзқарасымызды, өмір сүру қағидаларын бағдарлаймыз. Бірақ, ол Абайша өмір сүру, Абайдың айтқаны заң, соны бұлтартпай істеу деген сөз емес. Заманыңды Абайша бағамдай біл дегенді білдіреді.

Қазақ жұрты Абайды өзіне рухани нысана тұтады, соған ойын да, бойын да тәрбиелеп, үлгі алады. Біз Абай айтқан сөздерді тәмсіл ете отырып, өзімізге сын көзқараспен қарап, ойымызды екшеуге тиіспіз.

Кешегі ел басқарып бүгінде өзі аңызға айналып отырған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Зейнет демалысына шыққан соң Абайдың шығармаларын қайта оқи бастаған екен. Ол бір журналиске берген сұхбатында: «Қазір Абайды қайта оқып жатырмын. Артында өлмейтін мұра қалдырған неткен дана еді. Қанша оқысаң да ойдың шым тереңіне тартып отырады» дейді. Дананы дана осылай бағалаған. Ал қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев Абайдан қалай нәр алғанын былайша толғайды.

Қуат алып Абайдың тіл-күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.

Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден.

Абай туралы айтқан ақын-жазушылардың, тарихшылардың, ғұламалардың сөздерін, берген бағасын тіркей берсек қағаз шақ келмесі анық. Ал классик-жазушымыз Мұхтар Мағауин «Қазақтың қасиетін тану – Абайды танудан басталмақ. Халқымыздың сөз өнерін зерделеу – Абай тағылымын бағындырудан басталмақ. Абай – қазақ тарихындағы қайталанбас сом тұлға. Абай биігі – халқымыздың көркемдік ойтанымында ешкім жетпейтін заңғар», - дейді.

Ия Абай үшін біз біраз шаруа атқардық. Атқарылып та жатыр. Әрине, ауызды қу шөппен сүрте беруге болмас, көптеген шаруалар атқарылды. Ал атқарып жатыр екенбіз деп арқаны кеңге салуға болмайды. Осыны түсінген абзал.

Бүгінгі ұрпақ, бүгінгі буын жаһандық заманда да тұлғаларымызды сол жаһандық үлгіде насихаттауымыз керек. Ақпараттың ағыны соншалықты тасып тұрған заманды ескерусіз 10 жыл қалса болды. Оны қайтарып алуға мүмкіндік болмайды. Сондықтан барымызды бағалап, нарымызды арда тұтқанымыз абзал.

Бүгінгі таңда шынын айту керек. Абайдың кітаптарын құшақтап оқып жатқан адамды ілеу де біреу болмаса көргенді қойдық. Тіпті мектеп бағдарламасында да тым қысқа. Сондықтан Абай жайында балаларға арналған дүниелерді көпдеп туғыза беруіміз керек.

Әсіресе ақпарат құралдары саласында. Абай туралы мульть сериалдар түсірілуі керек. Шағын әрі жеңіл әнгімелер туғызу қажет. Сонымен бірге Абайды абай еткен Зере әже жайында да мол мағлқматтар болуы тиіс. Менің ойымша бала жастайынан нені көп естіп, нені көп көрсе санасына сіңісті болған дүниесін болашақта бүрлетпек. Мысалы біз ағылшын тілін бүгінгі ұрпаққа көп оқытып, көп білдіреміз. Соның салдарынан балаларымыз өсе келе батысқа қарап тұратын болды. Мұны көз көріп, құлақ естіп жүр. Енді мұндай қателікке жол бермеу ләзім.

Мысалы: Абай Құнанбайұлының шын есімі - Ибраһим. Әжесі Зере "Абай" деп еркелеткеннен кейін "Абай" атанып кеткендігі, мен оның балалық шағы туралы тамаша бір кинофильм жасауға неге болмайды? «Абай Құнанбайұлы алғашқы өлеңдерін Көкбайдың атынан жариялап жүрген», - бұл да бір тамаша әрі қызықты дерек. Абай Құнанбайұлы 13 жасында ел басқару жұмысына араласқан, Құнанбайұлы Абай көптеген өлеңіне өзі ән жазған. Олардың ішінде кеңінен тарағаны – "Көзімнің қарасы", - міне осы деректердің өзі біршама құнды дүниелерге арқау болатын тәрізді.

Бүгінде кино түсіргіш болып алған екенбіз болмайтын ойдан құрастырылған ценаринда мән-мағанасы махаббат желісінен аспайтын сериалдарды қыруар ақша жұмсап шығарғаннан гөрі қазаққа пайдасы бар дүниелерді шығару қажет деп ойлаймын. Әлгі сериалдардың тілінің өзі шорқақ. Қазақ болып туғаннан кейін сол тілде сөйлеп жүргеннен кейін

бүгінгі қазақстанда жасалып жатқан, түсіріліп отырған фильмдерге расын айтсам көңілім толмайды.

Абайды айтқанда тіл мәселесіне соқпай кетуге әсте болмайды. Өйткені қазақ тілі – Абай тілі, Абай тілі – қазақтың тілі, бір-бірінен ажырағасыз. Абайды ең алдымен түпнұсқа тілде, яки қазақ тілінде насихаттау ләзім. Абайды білмей қазақ болу мүмкін емес.

Бір қуанарлығы Жақында Қазақстанның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы жарлыққа қол қойған болатын. Аталған құжатқа сәйкес, осы жылы қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы тойланады. Осы той қарсаңында жоғарыда айтылған кейбір кемшіліктерді түзетіп алуға болады деп ойлаймын.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «АТТЫҢ СЫНЫ» ӨЛЕҢІНДЕГІ БӘЙГЕ АТЫНА ҚАТЫСТЫ ЭТНОЛЕКСИКАНЫҢ МӘНІ

Хасанов М.М., Амангелді А.А.
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.

Мал шаруашылығы ерте заманда ата-бабаларымыздың тіршілігінің тірегі, күнкөрістің негізгі көзі болды. Ал тіл – сол шаруашылықты жүргізетін қауымның ең негізгі қатынас құралы.

Демек, ғалым Т.Өмірзақов айтқандай, тіршілік көзі - кәсіп пен олардың таңбалық сипаттамасы - тіл бір-бірімен тығыз байланысты болмақ. Бұған қарағанда қай тілдің болмасын сөздік қоры сол елдің шаруашылығына біршама тәуелді. Мысалы, Сібір халықтарында бір ғана қардың 80-нен астам атауы, бұғыға қатысты 1000-нан астам сөз бар. Араб елінде түйеге байланысты 1000-нан астам атаулар қалыптасқан. Қазақ тілінде тек Ж.Бабалықовтың “Қырандар” деген кітабында саятшылық жөнінде 1000-ға жуық атау сөздер берілген. Жылқы түлігіне байланысты тілдік бірліктер бұдан асып түспесе, кем түспесі анық.

Қоғам дамып, халықтың дүниетанымы өзгеріп, кейбір сөздер қолданыстан шығып қалса, керісінше, өмірдің ағымына сай жаңа сөздер пайда болып, қалыптасып, мағынасы дамып, өзгеріп тұрады, яғни, тіл үнемі даму, қозғалыс үстінде болатыны белгілі. Қоғам өміріндегі барлық өзгеріс, жаңалықтар этностың тілінде өз ізін, таңбасын қалдырады [1].

Қазақ тіліндегі төрт түлікке, соның ішінде жылқыға байланысты туындап, қалыптасқан, сөздік қорымыздың ең құнарлысы болып саналатын кәсіби сөздер біршама. Сонымен қатар бұл атауларды тілдің ең көне қабатына жатқызуға болады. Өйткені бұл сөздер он екі мың жылдан астам уақыт бойы белсенді қолданылуда болып, уақыттың қатал тезінен, сұрыптауынан өтіп, нешеме ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, біздерге жетті.